

БЕКІТКЕН
Қатысушымен
Екі мың жиырма алтыншы жылдың
Шілденің жиырма сегізі

«Общеобразовательная школа Тамуг» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктігі ЖАРҒЫСЫ

Алматы қаласы

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 «Общеобразовательная школа Тамуг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, бұдан әрі «Серіктестік» деп аталатын, БСН 971140002270 «28» шілде 2026 ж. Қатысушы шешімі негізінде Құрылтай құжаттарын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер» Заңы, Қазақстан Республикасының «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңы мен басқа да Қазақстан Республикасы заңдары бойынша сәйкестендірілген.

1.2. Серіктестіктің толық аталуы:

қазақ тілінде - «Общеобразовательная школа Тамуг» жауапкершілігі шектеулі серіктестік;

орыс тілінде - товарищество с ограниченной ответственностью «Общеобразовательная школа Тамуг».

1.3. Мекен-жайы - Қазақстан Республикасы, 0500ққ, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Самал 1, ықшам ауданы, 20 үй,.

2. ҚАТЫСУШЫ

2.1. Қатысушы болып Қазақстан Республикасының азаматы : Омаров Еренгаип Салипович, туған күні: 08.07.1948ж, Туылған жері Шығыс Қазақстан облысы, ЖСН 480708300146;

3. ҚЫЗМЕТ МӘНІ

3.1. Серіктестік өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде пайда келтіруді көздейді.

3.2. Негізгі қызмет түрлері:

- Мекеменің қызметінің нысанасы – бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және білім алушылардың бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндерді тереңдетіп оқыту бағдарламаларын іске асыру;
- білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту;
- ата-аналарға педагогика, жалпы және жас ерекшелік психологиясы, отбасы және білім беру психологиясы мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсету;
- жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу, апробациядан өткізу және енгізу;
- білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру, мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізу;
- ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарларды ұйымдастыру және өткізу;
- тұрғын және тұрғын емес ғимараттарды салу.

3.3. Серіктестік:

- есірткі құралдардың, психотроптық заттардың және прекурсордың айналымымен байланысты қызметің
- акцизделетін өнімдерін өндіру және /немесе/ көтерме сатуға
- наң қабылдау орындарында бидай сақтау;
- лотереялар өткізу;
- ойын және шоу-бизнес саласында қызметің
- сертификатау, метрология, және сапамен басқару саласында қызметің
- мұнай, мұнай өнімдері, газ, жылу және электр энергиясын өндіру, өңдеу мен өткізу саласындағы қызметің
- радиоактивті материалдардың айналымымен байланысты қызметің
- банк қызметін /немесе банкілік қызметің жеке түрлері/ және сақтандыру нарығында қызметін /сақтандыру агентінің қызметінен басқа/
- аудиторлық қызмет;
- құнды қағаз нарығында маманды қызметің жүзеге асыруға құқықсыз.

3.4. Айналысуына лицензия алу қажет болатын саласындағы серіктестіктің құқықтық қабілеті осындай лицензия алған сәттен туындайды және оның заң актілерімен белгіленген тәртіпте алынып қойған, қолдану мерзімі біткен немесе жарамсыз деп танылған сәттен бастап тоқтатылады.

4. ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТУСЫ

4.1. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік заңды тұлға болып табылады, азаматтық құқықтары бар және Қазақстан Республикасының күшіндегі заңдарында тыйым салынбаған қызмет түрін жүзеге асыру үшін қажетті азаматтық міндеттерді атқарады.

4.2. Серіктестік заңдарға сәйкес құрылады және өз қызметін осы Жарғыға және заңдарға сәйкес жүргізеді.

4.3. Серіктестік өз шығыстары бойынша өзіне лайықталған мүлік ретінде жауап береді. Серіктестік қатысушылары Серіктестік міндеттемелері бойынша жауап бермейді, шығысы өзі қосқан үлесі шегінде жауап береді.

4.4. Серіктестік мөрі, тауарлық белгісі, фирмалық бланкі және дербес есеп шоты болады.

4.5. Серіктестіктің қызмет мерзімі тіркеуден өткен күннен бастап саналады және қызмет мерзімі шектелмейді, егер серіктестік таратылмаса немесе осы Жарғыда айтылғандай қайта құрылмаса.

4.6. Серіктестік филиалдары мен өкілдіктерін ашуға құқықты.

4.7. Серіктестік жұмыскерлерінің жылдық орташа саны елуден аспайтын адамнан тұратын және активтердің жылдық орташа саны жылына алпыс мың айлық есептік көрсеткіштен аспайтын шағын кәсіпкерліктің субъектісі болып табылады.

4.8. Серіктестік қызметі туралы ақпарат «Юридическая газета», «Егемен Қазақстан» «Казахстанская правда»

5. СЕРІКТЕСТІК ҚАТЫСУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ. СЕРІКТЕСТІКТІҢ МӘЛІМЕТТЕРДІ ҰСЫНУЫ

5. Серіктестік Қатысушының құқықтары:

1/ Серіктестік қызметін басқаруға Жарғымен және қолданыстағы заңдармен белгіленген тәртіппен қатысу;

2/ Серіктестік қызметі туралы ақпарат алу және бухгалтерлік, өзге де құжаттармен танысу;

3/ Серіктестік қызметінен пайда алу;

4/ Серіктестік қызметін тоқтатқан жағдайда несие берушілермен есеп айырылысқаннан кейін қатысушылармен келісім бойынша мүліктің бір бөлігін алу;

5/ қолданыстағы заңдарда белгіленген тәртіп бойынша Серіктестіктегі үлесін сату арқылы Серіктестік құрамынан шығу;

6/ Қазақстан Республикасы заңнамасында және (немесе) осы Жарғыда көзделген олардың құқықтарын бұзатын Серіктестік органдарының шешімдеріне сот тәртібімен дауласуға құқылы.

5.2. Серіктестік қатысушының міндеттері;

1/ Серіктестіктің жарғылық құжаттарының талаптарын сақтау;

2/ Серіктестіктің жарғылық құжаттарында белгіленген мөлшер, тәртіп пен мерзімдерде салымдар енгізу;

3/ Серіктестікпен коммерциялық құпия деп танылған мәліметтерді жарияламау.

4/ Серіктестіктің атқарушы органын Жарғының 2-бабының көрсетілген мәліметтердің өзгірістері туралы жазбаша хабарлауға міндетті.

5.3. Серіктестік қатысушы Серіктестік жарғылық құжаттары және заңмен белгілінген басқа да құқықтарды (міндеттерді) иелене (жүзеге асыра) алады.

5.4. Серіктестік қатысушының талап етуі бойынша оның қатысушының мүдделеріне қатысы бар Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат беруге міндетті.

5.5. Серіктестікке қатысушының мүдделеріне қатысы бар ақпарат болып мыналар танылады:

1) жалғыз қатысушының, атқарушы орган және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;

2) Серіктестіктің меншікті капиталының мөлшерінен жиырма бес және одан астам процент мөлшерінде Серіктестіктің заем алуы;

3) Оның (олардың) нәтижесінде Серіктестіктің меншікті капиталдың мөлшерінен жиырма бес және одан астам процент мөлшерін құрайтын сомада мүлік сатып алынатын немесе иелектен алынатын ірі мәмілені немесе өзара тығыз байланысты мәмілелерді Серіктестіктің жасауы;

4) Серіктестіктің қызметі қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға және (немесе) белгілі бір іс-әрекеттерді жасауға лицензиялар алуы, олардың қолданыстарының тоқтата тұруы немесе тоқтатылуы, сондай-ақ қызметін қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға және (немесе) белгілі бір іс-әрекеттерді жасауға бұрын Серіктестік алған лицензиялардың алынып қойылуы;

5) Серіктестіктің мүлкіне тиым салу;

6) Олардың нәтижесінде баланстық құны Серіктестік активтерінің жалпы мөлшерінің жиырма және одан астам процент мөлшерін құрайтын Серіктестік мүлкі жойылған төтінше сипатта болатын жағдайлардың басталуы;

7) Серіктестікті және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының әкімшілік жауапқа тартылуы;

8) Серіктестікті мәжбүрлеп тарату туралы шешімнің қабылдануы;

9) аудиторлық есеп (ол бар болса);

10) Жарғыға сәйкес Серіктестікке қатысушының мүдделеріне қатысы бар өзге де ақпарат.

5.6. Қатысушының мүдделеріне қатысы бар Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат қатысушыға ол Серіктестіктің атқарушы органына жазбаша өтініш жасаған кезде беріледі. Қатысушының өтініштері Серіктестіктің кіріс құжаттарының есеп журналында тіркелді. Серіктестік қатысушыға талап етіп отырған ақпаратты (талап етілген құжаттардың көшірмелерін) өтініш жасалған күннен бастап отыз күнтізбелік күннің ішінде беруге міндетті.

5.7. Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат үлестерді сатып алушыларға Жарғының 5.6. тармағында көрсетілген тәртіп пен мерзімдерде беріледі.

5.8. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға, білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес білім беру қызметін жүзеге асырады.

5.9. Серіктестік бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында және тиісті лицензияда жүзеге асыруға рұқсат етілген өзге де білім беру бағдарламаларын іске асырады.

5.10. Серіктестікке білім алушыларды қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, Серіктестіктің қабылдау қағидаларына және ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

5.11. Білім беру процесі бекітілген оқу жоспарларына, білім беру бағдарламаларына, академиялық күнтізбеге және сабақ кестесіне сәйкес ұйымдастырылады. Оқыту және тәрбиелеу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Серіктестіктің білім беру бағдарламаларына сәйкес мемлекеттік, орыс және (немесе) өзге де тілдерде жүзеге асырылады.

5.12. Сабақ өткізу режимі, оқу жылының, каникулдардың, оқу кезеңдерінің ұзақтығы, сондай-ақ оқу процесін ұйымдастыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Серіктестіктің ішкі құжаттарымен айқындалады.

5.13. Серіктестік білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды Қазақстан Республикасының заңнамасында және Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген нысандарда және тәртіппен жүзеге асырады.

5.14. Білім алушыларды ауыстыру, қайта қалпына келтіру және оқудан шығару негіздері мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Серіктестіктің ішкі актілерімен айқындалады.

5.15. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақылы білім беру және өзге де қызметтер көрсетуге құқылы. Мұндай қызметтердің тізбесі, шарттары және оларды көрсету тәртібі Серіктестіктің ішкі құжаттарымен айқындалады.

5.16. Серіктестік, білім алушылар және олардың ата-аналары (заңды өкілдері) арасындағы өзара қарым-қатынастар білім беру қызметтерін көрсету туралы шартпен ресімделеді және Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарымен реттеледі.

5.17. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін, білім беру процесін ұйымдастыру мәселелерін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарды қабылдауға құқылы.

6. ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ, ТАЗА ПАЙДАНЫ БӨЛУ

6.1. Серіктестік өз жұмысын жүргізу үшін қатысушылар салымынан Жарғылық капитал 400 000 / төрт жүз мың / теңге құрылады.

6.2. Жарғылық капиталын өзгерту. Серіктестік заңдарға сәйкес Жарғылық капиталын үлкейтуге немесе азайтуға құқығы бар. Жарғыны үлкейту серіктестік табысынан, қатысушылардың қосымша салымынан немесе қосымша қатысушылар арқылы өзгереді. Егер Серіктестік капиталы жаңа Серіктестік қатысушылар құрамы арқылы өзгерсе, онда олар құрылтай шартын қабылдауға тиіс.

6.3. Таза пайданы бөлу. Барлық салымдарды, шығындарды төлеп болғаннан соң таза пайда серіктестіктің меншігінде қалады. Ол жалпы жиналыс шешімімен әр қатысушы салым пайызына байланысты дивиденд ретінде бөлінеді, егер жалпы жиналыс шешімімен пайда басқа мұқтаждықтарға жұмсалмаса.

6.4. Серіктестікте резервтік капитал құрылады. Қатысушылар жалпы жиналыс бойынша резервтік капитал көлемі жылдық пайда негізінде құрылады. Серіктестік қызметіндегі шығындар, резервтік капиталымен жабалады, ол жетпеген жағдайда шығынды жабу жалпы жиналыс шешімімен қабылданады.

7. МҮЛКІ

7.1. Мүлік құрамын нақты және айналымды қаражаттар құрайды, оның бағасы ұйымның дербес балансында көрсетіледі.

7.2. Мүліктің жеке меншік иесі құқықпен тағайындалады.

7.3. Серіктестіктің мүлкін құралу салымы ретінде:

теңге және мүліктік салым;

интеллектуалдық меншікке өнеркәсіптің жекелеген салаларындағы білім мен тәжірибеге құқық;

өндіріс, қызмет және басқа шаруашылық нәтижесіндегі кірген кірістер;
банк несиесі және бағалы қағаздардан түскен кіріс;

Қазақстан Республикасы заңдарына қайшы келмейтін басқа да кірістер.

7.4.Серіктестік қызметінде пайда болатын шығындар резервтік капитал арқылы жабылады және оның кемінде қатысушылардың жалпы жиналыс шешімі бойынша басқа да көздер арқылы.

7.5.Серіктестіктің таза пайдасы салымдарды өтеген соң қатысушылар пайдасында қалады.

8.ЖОҒАРҒЫ БАСҚАРУ ОРГАНЫ

8.1. Жоғарғы басқару органы болып - Қатысушы бірыңғай иесі болып табылады.

8.2. Қатысушы құзырына мыналар жатады:

1) серіктестіктің жарғылық капиталы мөлшерін, орналасқан жері мен фирмалық атауын өзгертуді қоса алғанда, оның жарғысын өзгерту немесе серіктестіктің жаңа редакцияға жарғысын бекіту;

2/ серіктестіктің атқарушы органын құру және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ серіктестікті немесе оның мүлкін сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдау және осылай берудің шарттарын айқындау;

3/ серіктестіктің тексеру комиссиясын /тексерушіні/ сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ серіктестіктің тексеру комиссиясының /тексерушісінің/ есептері мен қорытындыларын бекіту;

4/ серіктестіктің жылдық қаржылық есептемесін бекіту және оның таза табысын бөлу;

5/ осы жарғымен бекіту серіктестіктің басқа органдарының құзыретіне жатқызылған құжаттарды қоспағанда ішкі ережелерді, оларды қабылдау процедураларын және Серіктестік ішкі қызметін реттейтін өзге де құжаттарды бекіту;

6/ серіктестіктің өзге шаруашылық серіктестіктерге, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы туралы шешім шығару;

7/ серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім шығару;

8/ тарату комиссиясын тағайындау және тарату баланстарын бекіту;

9/ серіктестіктің бүкіл мүлкін кепілге беру туралы шешім шығару;

10/ серіктестік мүлкіне қосымша жарналарын енгізу туралы шешім шығару жатады;

11/ Серіктестікке қатысушыға және үлестерді сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат берудің тіртібі мен мерзімдерін бекіту.

9. ДИРЕКТОРЫ

9.1.Ағымды басқаруды Директор атқарады.

9.2. Директор құзырына мына мәселелер кіреді:

- Серіктестіктің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

- Серіктестіктің өкілі болу құқығына сенімхаттар, соның ішінде қайта сенім арту құқығымен сенімхаттар береді;

- Серіктестік қызметкерлеріне қатысты оларды қызметке тағайындау туралы, оларды басқа жұмысқа ауыстыру және жұмыстан шығару туралы бұйрықтар шығарады, еңбекке ақы төлеу жүйелерін белгілейді, лауазымдық жалақы мен дербес үстемақылардың мөлшерін белгілейді, сыйақы беру мәселелерін шешеді, көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады;

- Қатысушы берілген шеңберінде ақша қаражатын қосқанда серіктестік мүлігіне билік ету;

- осы жарғы және заң негізінде басқа да қызметтер жүргізу.

9.3. Директор Қатысушы құзырына кірмейтін барлық шешімдерді қабылдай алады. Қатысушы өз құзырына кіретін кейбір сұрақтарды шешуді Директор құзырына бере алады. Директор қатысушының келісімісіз үшінші тұлғалардан комиссиялық қызықтыру ала алмайды және серіктестік қызметіне сәйкес қызметпен айналыса алмайды.

9.4.Жұмысшылар еңбек ақысы және жұмыс тәртібін Директор тағайындап оны қатысушы бекітеді.

9.5.Жұмыс уақытысы, жұмысқа алу және жұмыстан босату Қазақстан Республикасының заңдарға сәйкес жүргізіледі.

10. ІС ӘРЕКЕТІН ТОҚТАТУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚҰРУ

10.1.Қатысушы шешімімен Серіктестік іс әрекетін серіктестікті қайта құру немесе жою арқылы тоқтатады. Құқықты тұлғаны қайта құру /қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, өзгерту/ Қатысушының шешімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілген жағдайлармен жүргізіледі. Қайта құрғанда серіктестік құқықтары жаңа тұлғаға өтеді.

10.2.Осы Жарғы және Қазақстан Республикасының заңдары бойынша серіктестік іс-әрекетін тоқтатады.

10.3.Іс-әрекетін тоқтату жалпы жиналыс, сот шешімімен таратылса сот тағайындаған Тарату комиссиясы жүргізеді. Тарату комиссиясы тағайындалған мезеттен бастап серіктестікті басқару өкілеттігі беріледі. Ол серіктестік мүлкін бағалап несие қарыздарды үшінші тұлғаларға қайтарады және таратылу балансын құрастырып қатысушы береді.

10.4.Мүлік Тарату комиссиясы шешімімен сатылады. Пайдалануға берілген мүлік иесіне қайтарылады.

10.5.Серіктестіктің таратылуы аяқталған, ал серіктестік өмір сүруін тоқтатты деп заңды тұлғалардың

мемлекеттік регистріне ол жөнінде жазылғаннан кейін есептелінеді.

Қатысушы

Омаров Еренгаип Салипович Салипов
Омаров Еренгаип Салипович